

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«№11 САРЫСУ КОЛЛЕДЖІ»МҚҚК**

**№11 Сарысу колледжінің 2023-2024 оқу
жылындағы кітапхана жұмысының
жылдық есебі**

Ұйым 2023-2024 оқу жылы

Бар білімнің қайнар көзі – кітапхана

Қазіргі таңда жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі-кітапхана. Егемен еліміздің ертеңі болар жас ұрпақтың білімін кеңейтіп,біліктілігін арттыруда колледж кітапханасы да рухани қазына болып табылады. Кітапхана оқырман үшін үлкен тәрбие мектебі, сансыз сұрақтардың жауабын табуға болатын сиқырлы да киелі орда. Кітап – уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойының жемісі, қоғамның мәдени күштерін дамытудың қуатты құралы, қайнар бұлағы.

Колледж кітапханасы 3-ші қабатта орналасқан. Кітапхана ауданының көлемі **64,96 шаршы** метрді құрайды. Кітапхана кітапханашылардың жұмыс орны, оқырмандарға арналған абонемент жұмыс жасау үстінде. Жарықтандыру санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес, сонымен қатар кітапханада жұмыс жасауға қолайлы жағдай жасалған. Кітапхана жұмысының барысы негізінде түрлі тақырыптық көрмелер ұйымдастыру, керекті энциклопедиялармен жұмыс жүргізу, жаңа көркем әдебиеттермен таныстыру, мерзімдік басылымдар және түрлі әдебиеттерге шолу, танымдық сабақтар сияқты сан түрлі бағыттарда бекітілген жылдық жоспар бойынша жұмыс жүргізілді. Оқырман білімгерге тәрбие жұмысының негізгі бағыты ретінде керекті әдебиет, газет-журнал мақалалар т.б. сұрағандарын табуға кітапханашы жоғары деңгейде көрсетіліп келді. Жаңа оқу жылы басында пән мұғалімдерімен біріге отырып студенттеріміз оқулықтармен қамтамасыз етілді.

Кітапхананың жұмыс істеу кестесі:

Дүйсенбі-Жұма сағат 9:00-ден, 18:00-ге дейін.

Түскі үзіліс 13:00- ден, 14:00-ге дейін

Кітапхана міндеті:

Оқырмандарға сапалы да жылдам қызмет көрсету колледж кітапханашыларының басты міндеті. Кітаптарға техникалық өңдеу жүргізу, қорды реттеп ұйымдастыру, оқырмандардың қажеттіктеріне сәйкес құжаттар қорын түзіп, дәстүрлі және қазіргі ақпарат көздерінде мемлекеттік және басқа тілдерде сақтау.

Оқырманға абонементте, оқу залында, электронды оқу залында қызмет көрсетуді ұйымдастырады. Қазіргі кезде колледждің кітапхана қоры барлық саланы қамтыған

Кітапхана қоры – 12575 дананы құрайды (2023 ж.)

Жалпы пән оқулықтары – 4303 дана,

Мамандық бойынша – 5638дана,

Көркем әдебиет – 1280дана,

Оқу әдістемелік – 1280 дана,

Электронды оқу құралдары – 74 дана.

Біздің колледж кәсіптік білімнің негізін қалайтын, қазіргі заман талабына сай оқу орындарының бірі болғандықтан, білім беру стандарттарына сәйкес оқу үрдісінің негізінде қажетті ғылыми басылымдар, оқу-әдістемелік құралдар, электронды оқулықтармен толықтырылуда .Сол сияқты биылғы 2023 оқу жылы барысында төменде № 1 кестеде көрсетілген оқулықтар «Фолиант», баспасы арқылы сұраныс берілді .

№ 1 кесте

№	Арнайы мамандықтар				АКТ	Тілі	Баспа атауы
	Тігін мамандығына	Аспаз мамандығына	Ветеринария мамандығына	Дәнекерлеу ісі мамандығына			
	30	8	12	7	6	Қазақ тілінде	«Фолиант»
Барлығы :92 кітап сұранысқа берілді							

Ал кезекті, 2024 жылға мерзімді басылымдар бойынша республикалық, облыстық және аудандық газет-журналдарға төмендегі көрсетілген № 2 кесте бойынша сұраныстар берілді.

№ 2 кесте

№	Басылым атаулары	Мерзімі	Тілі
Республикалық басылымдар			
1	«Қазақстан дәуірі»	12 ай	қазақ
2	«Білімді ел»	12 ай	қазақ
3	«Техникалық және кәсіптік білім»	12 ай	қазақ
Облыстық және аудандық басылымдар			
4	Ақ жол	12 ай	қазақ
5	Знамя труда	12 ай	орыс
6	«Еңбекші»	12 ай	қазақ
7	«Сарысу»	12 ай	қазақ

**Мерзімді басылымдарға жазылу бойынша
2024 жылдың I жарты жылдығы**

№ 3 кесте

№	Газет-журналдар	Берілгені	Орындалғаны
1	Сарысу	30	25
2	Ақ жол	8	8
3	Знамя труда	4	1
4	Ғұмыр дария	9	4

5	Мөлдір бұлақ	3	0
6	Қазақстан дәуірі	8	1
7	Ардагерлер айнасы	6	1
8	Еңбекші	7	1
	Барлығы:	75	41

Кітапхана оқырмандарымен өткізілетін мәдени іс-шараларымызда жаңа технологияларды кеңінен пайдаланып келеміз. Кітапхананың бекітілген жоспары бойынша:

"Оқуға құштар колледж" жобасы аясында колледж кітапханасында **"Кітапхана табыс мекені"** атты ашық есік күні акциясы өткізілді.



«Оқуға құштар колледж» жобасы аясында 11 Сарысу колледж кітапханасында 1 курс студенттердің қатысуымен **«Кітап-достарын іздейді»** атты буккроссинг өтті.



Тілдер күніне орай «Тіл мерейі-ел мерейі» көрме



«Біз Абайды білеміз, оқимыз, бағалаймыз» әдеби аукцион




«Топтың үздік оқырманы» конкурсы



«Ұлттық теңге-ел тәуелсіздігінің символы» тақырыптық кеш



«Ақиқаттың алтын тірегі-Желтоқсан» тарихи кеш





көрсетілген іс-шараларымыз өз мерзімі бойынша жоғары деңгейде өтті. Осы өткізген іс-шараларымызды дер кезінде фейсбук және инстаграмм интернет желілеріне жүктеп отырдық.

№11 Сарысу колледжінде кітапханашы "Менің сүйікті кітабым" тақырыбында акция өтті. Мақсаты: оқырмандардың кітап оқу өнерін кеңейтуге, көркем шығармалардың тамашалығын сезінуге, оқыған кітаптары туралы бір-біріне айтып, қызықтыруға, еңбекте, өмірде, оқуда кітапты пайдалануға баулу.



«Оқуға құштар колледж» жобасы аясында колледж кітапханашыларының ұйымдастыруымен «Кітапты бірге оқимыз...» тақырыбында библио-кросс іс-шарасы өтті. Шараға Ф1-23 тобының студенттері мен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы С.К.Баймурзаева қатысты. Библио кросс шарасының өткізілу ережесі бойынша өзім оқыған кітапты қысқаша байындап оқырмандарға оқуға ұсыну керек. Шара барысында «Бір ел бір кітап» акциясы бойынша үстіміздегі жылы оқуға тандап алынған Төлен Әбдіктің «Оң қол» шығармасы желісінде түсірілген фильм көрсетілді. Сонымен қатар кітапханашылар 5 минутта оқып шығу әдісімен білім

алушыларға әр түрлі тақырыптағы бірнеше кітаптарды таратты. Кітапты алған білім алушылар сол кітаптары жайлы қысқаша мағлұматтар берді. Интерактивті тақтаға әр түрлі шығармаларды смайликтер арқылы жасырып, шығармалардың атауларын тауып, білім алушылар белсенділіктерін танытты.



Колледж кітапханасында 2022-2025 оқу жылына арналған "Оқуға құштар колледжі" тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау барысында наурыз айында "Әдеби кейіпкерлермен бірге саяхаттаймыз" атты кітап көрмесі өтті.

Мақсаты: Студенттерді әдеби шығармаларды оқуға деген ұмтылысын дамыту. Кітапқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.



19 наурыз күні №11 Сарысу колледжінде Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне орай "Ар ма, әз Наурыз" атты іс-шара өтті.

Іс-шараның мақсаты: студенттерге Наурыз-жыл басы, ұлт мейрамы екендігін тарихи маңызын түсіндіру. Қазақ халқының салт-дәстүрін, тілін, дінін, әдет-ғұрпын сақтауға, қастерлеуге тәрбиелеу.



Колледж кітапханашысы С.К.Баймурзаеваның ұйымдастыруымен "Кітаптан жұлдыз жауған" атты кітап көрмесін өтті.



2023 жылдың 20 қазанында облыстық білім басқармасының бастауымен облыстық колледж кітапханашылар арасында ұйымдастырылған Т.Әбдіктің шығармаларына арналған челленджге қатысып, алғыс хатпен марапаттады. Тағы сол сияқты, облыстық білім басқармасының «Оқуға құштар колледж» тұжырым-дамасы аясында ұйымдастырылған «Бір ел – бір кітап» республикалық акция-сын іске асыру және студент-оқырмандардың көркем әдебиетке қызығушылық-тарын арттыру мақсатында 2023 жылдың 6 қарашасында «Жыл үздік оқырма-ны» байқауы өткізіліп, колледж ішілік жарыста М1-23 топ студенті Б.Базарбаев I орынға ие болды.

Қорытынды.

Алдымыздағы оқу жылында жұмысымыздың бір саласы – әр кезде жарық көрген жақсы шығармаларды көпшілік арасында кеңінен насихаттау, олардың кейбір ерекшеліктеріне баса назар аударып жаңарту жолдарында жұмыс жүргізу, оқырмандармен жұмыс жүргізу, оқырмандардың кітапханаға деген көзқарастарын қалыптастыру.

Білімге ұмтылған оқырманның табылар жері – кітапхана. Кітап оқу жан дүниемізді байытады, жаңа технология заманында да кітап адамның ой – өрісіне ықпал жасап, рухани азығы болып қала бермек. Қазіргі заманға сай оқырмандардың ойын ұшқырлайтын іс –шаралар ұйымдастыру. Оқудан қол үзбейтін оқырмандарды көбейтіп, оқу –тәрбие жұмысына ықпал етуге еңбек ету. Оқу жылының басында оқулықтар таратылып, оның жыртылып бүлінбеуін қадағалап тұру.Кітапханалық библиографиялық ілімнің негіздерімен балаларға арнайы кітапхана сабақтарын жүргізу.

**№11 Сарысу колледжінің 2023-2024 оқу жылындағы
тәрбие жұмысының I жарты жылдық есебі.**

